

Баспасөз хабарламасы

Астана қ., 26 қаңтар 2024 жыл

«ҚазТрансОйл» АҚ Ресей мұнайының Қытайға транзитінің құнын 2034 жылға дейін сақтайды

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің бұйрығына сәйкес 2024 жылғы 1 қаңтардан 2033 жылғы 31 желтоқсанға дейін «Ресей Федерациясының шекарасы – Қазақстан Республикасының шекарасы (Ертіс өңірі) – Атасу (Қазақстан Республикасы) – Алашанькоу (Қытай Халық Республикасы)» бағыты бойынша Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Қытай Халық Республикасына жылына 10 млн тонна Ресей мұнайын тасымалдау құны)» ҚҚС есебінсіз 1 тонна үшін 15 АҚШ долларын құрайды, оның ішінде: «Ресей Федерациясының шекарасы – Қазақстан Республикасының шекарасы (Ертіс)» учаскесінде – Атасу (Қазақстан Республикасы), мұнайды «Атасу» БМАС -қа ауыстырып тиеуді қоса алғанда – ҚҚС есептемегенде 1 тонна үшін 4,23 АҚШ доллары; «Атасу (Қазақстан Республикасы) – Алашанькоу (Қытай Халық Республикасы)» учаскесінде-ҚҚС есептемегенде 1 тонна үшін 10,77 АҚШ долларын құрайды.

Бекітілген құн 2018 жылы Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2019-2023 жылдарға арналған бұйрығымен белгіленген құн деңгейінде сақталады.

«ҚазТрансОйл» АҚ 2033 жылғы 31 желтоқсанға дейін «Роснефть» ҰК» ЖАҚ Ресей мұнайын Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Қытай Халық Республикасына тасымалдау жөніндегі қызметтерді ұсынуға шартты ұзартты.

«ҚазТрансОйл» АҚ 2013 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ресей мұнайын Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Қытай Халық Республикасына тасымалдау саласындағы ынтымақтастық туралы Келісім шеңберінде 2014 жылдан бастап Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Ресей мұнайының Қытай Халық Республикасына транзитін жүзеге асырады.

2014-2016 жылдары Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жыл сайын 7 млн тонна Ресей мұнайының транзиті жүзеге асырылды. 2017 жылдан бастап «Ертіс – Атасу – Алашанькоу» бағыты бойынша Ресей мұнайының жыл сайынғы жеткізілімі 10 млн тоннаға дейін ұлғайтылды.

2014-2023 жылдары «ҚазТрансОйл» АҚ Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Қытай Халық Республикасына 91 млн тонна Ресей мұнайын жеткізуді қамтамасыз етті.

«Атасу-Алашанькоу» магистральдық мұнай құбыры «Қазақстан-Қытай» магистральдық мұнай құбырлары жүйесінің бөлігі болып табылады және «ҚазТрансОйл» АҚ (50%) және China National Oil and Gas Exploration and Development Company Ltd бірлескен кәсіпорны болып табылатын «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС-не 50 %) тиесілі. «Атасу-Алашанькоу» магистральдық мұнай құбырының жобалық қуаты-жылына 20 млн тонна мұнайды құрайды.

Анықтама үшін:

«ҚазТрансОйл» АҚ – магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық операторы болып табылады. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобына кіреді. Ұзындығы 5,4 мың км әртараптандырылған магистральдық мұнай құбыры желісіне иелік етеді.

**«ҚазТрансОйл» АҚ
жұртшылықпен байланыс және
ішкі коммуникациялар департаменті**